

логизмі шындық болмыстағы басқа бір затты, әрекетті әбден пісіріп жетілдіруге байланысты ауыс мағынада айтылып, көп мағыналық сипат алған. Судың сіңіп кету, тастың тез батып кету қасиетіне байланысты туған *судай сіңіп, тастай батты* фразеологизмі ауыс мағынада қолдануынан: 1) жым – жылас жоқ болып кетті. 2) барған не жүрген жерінде бөтендік білдірмей, тіл табысып, өз адамындағы болып кет дегенді білдіретін бір-біріне жақын екі мағына туған. Осындай көп мағыналық ат түсті тіркесінде де бар: 1) жол – жөнекей, жолшыбай 2) жеңіл-желпі, үстірті; сыңар езу: 1) бір жағына бұра тартып жүретін ат. 2) өз ырқы болмаса, көнбейтін адам сияқты мағыналарда қолданылады.

Фразеологиялық омонимдер сирек кездеседі. Мысалы: аузы берік: 1)ораза ұстаған, аузы ораза. 2) сыр сақтағыш; ат қойды: 1) жаңа туған балаға ат беру. 2) атой салып, шаба жөнелді сияқты әр түрлі мағыналарда қолданылады.

Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы: 1-ші айырмашылығы – еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде сөздердің мағынасы жағынан өзара үйлесе отырып, кем дегенде екі сөздің грамматикалық жолмен еркін тіркесуінен жасалады, бірақ еркін сөз тіркестерінің құрамы тұрақты болмайды. 2-ші айырмашылығы – фразеологизмдердің мағына тұтастығында. Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды, фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз. Фразеологизмдердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарымен сәйкеспейді, яғни лексикалық мағыналардың жиынтығы емес. 3-ші айырмашылығы – фразеологизмдердің даяр қалпында қолданылу тиянақтылығы. Фразеологизмдер сөйлеу кезінде, қарым-қатынас үстінде жасалынбайды, біртұтас тіл бірлігі ретінде даяр қалпында жұмасалады. Мысалы: сағы сынды, жаман атты болды, топ арасында. 4-ші айырмашылығы – фразеологизмдердің көпшілігін мәнерлілік, айқындық, бейнелік қасиет тән екендігінде. Бұл қасиет фразеологизмдердің стилистикалық мәнін арттырады. Мысалы: қабагы кірбің тартты деген фразеологизмді оның баламалары болып табылатын ренжіді, жабырқады сөздерінің мағыналарымен салыстырсақ, фразеологизмдік тіркесте стилистикалық бояу, айшық, бейнелік байқалады. 5-ші айырмашылығы – еркін тіркестер бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көнеді. Мысалы: таулы жер – гористая местность, атақты жазушы – знаменитый писатель.

Сөз соңында тіліміздегі фразеологизмдердің, яғни, тұрақты сөз тіркестерінің әлі де болса, зерттеуді талап ететіні байқалады. Дегенмен, сөздің нәрлілігін, әуезділігін, көркемдігін, ұшқырлығын, терендігін, маңыздылығын осы тұрақты сөз тіркестері барлық жағынан үстемелеп, байытып, аша түседі. Тілдегі сөз тіркестерін онтайлы, орынды, өз ісімізге, қызметімізге қолдана білсек, нұр үстіне-нұр болары анық.

Summary

The article runs about the means of the formation of phraseologicals in kazak language.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ӘДІСТИҢ МАҢЫЗЫ

Адаева А.Д.

Қазахстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Оқытудағы ақыл-ой дамуына танымдық үрдістерде кездесетін өзгерістер, яғни есте сақтау тәсілдеріне байланысты ойлау операцияларын, оның сапасы мен ақыл-ой әрекетіне қажетті басқа техникалық ерекшеліктерді жетілдіру үлкен үлес қосады. Оқыту даму мүмкіндіктеріне сүйеніп қана қоймайды, екеуі үнемі қатар дамиды. Ол ойлауды, жадына есте сақтауды т.б. жетілдіріп, дүниетанымды қалыптастырады. «Дамыта оқыту технологиясының дінгегі болып саналатын идея – ойлауды алдымен дамыту. Өйткені алдымен ой дамып, ол сонынан окушының ақылын, интеллектін, барлық іс-әрекеттерін жетегіне алады. Соның негізінде оқушы өз бетімен теориялық әдістерді қолдану машиқтарына дағыланады» [1, 140 б.]. Оқытушының міндеті – ойлау түрлерінің мәнін жете түсіну, оларды педагогикалық үрдесте шебер қолдана алу, студенттердің ойлау әрекетін дамытуда әдіс-тәсілдерді терең білуі қажет.

Адам тілді сөйлеу арқылы менгереді. Студенттерді қазақ тіліне дамыта оқытуда, сөйле-сімге үйретуде тілдік ортаның мәні зор. Олардың сөз байлығының артуы тілдік ортасына да байланысты болады. Тілдік орта – ата-анасының, туыстарының, араласатын достарының тілі. Сондай-ақ оқитын көркем әдебиеті, құнделікті көретін теледидары, тыңдайтын радиосы, баратын кинотеатры т.б. сөздік қорына әсер етеді.

Қазақ тілін жоғары оқу орындарында дамыта оқытуда жазылым әрекетінің студенттердің ойлауын дамытып, шығармашылығын ұштауда маңызы үлкен. Л.Т.Охтина «Сабактың психологиялық негізі» деген еңбегінде: «Дамыта оқытудың басты мақсаты – оқушылардың белсененді, өзіндік шығармашылық ойлауын қалыптастыру», – дейді [2, 146 б].

«Шығармашылық» сөзінің мәні бір нәрсені «ойлап табу», «шығару», «іздену» дегенге сәйкес келеді, яғни бұрын тәжірбиеде болмаған, жаңа нәрсені ойлап табу, жаңа жетістікке қол жеткізу. Шығармашылықпен ойлау – баланың өз бетінше ізденуі, мәселенің шешімін өздігінен, өзгеше шешуі, бұрын алған білімін пайдалана отырып, жаңа әдіс, жаңа жол табуы.

Дамыта оқыту мәселесі соңғы кезде ғылыми-техникалық жаңалықтарға сәйкес дамып, жетіліп келеді. Студенттер барлық ақпаратты түгел есте сақтай алмайды. Фалым Л.Т.Охитина дамыта оқытуда оқушыға қойылатын талапқа қатысты былай дейді: «Идеалом развивающего обучения является личность не с энциклопедически развитой памятью, а с гибким умом, с быстрой реакцией на все новое, с полноценно развитыми потребностями к дальнейшему познанию и самостоятельному действию, с хорошими ориентировочными навыками и творческими способностями» [2, 116].

Сондықтан студенттерді қазақ тіліне оқыту арқылы өз бетінше жұмыс істеуге бейімдеп, одан әрі қарай білімін жетілдіріп, шеберлігін ұштауға, өзіндік ой қорытуға, ойлауға баулу кеөрек.

Қазақ психологы Ж.Аймауытов «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде балны тілге жаттықтыру – баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, окуға төсөлдіру арқылы ойлауға да жаттықтыру екенін айта келіп, ойлау мен сөйлеу мәселесіне тоқталады: «Сөз бен ой бір-бірінен айырылмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілту мүмкін емес», – деген күні қазірге дейін мәнін жоймаған құнды пікір айтады. [3, 306 б].

Қазақ тілінен алған теориялық білімнің тәжірбиелік мәнін түсіну, сөйлеу дағдысы мен білім арасындағы тығыз байланыс, ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеті нормаларын менгеру арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту студенттердің танымдық қызығушылықтарын арттырады, танымдық қызығушылықтарын арттырады, танымдық қажеттіліктерін дамытады. Көптеген ғалымдар дамыта оқытудың негізгі ұстанымы – проблемалық болып табылатындығын айтады. М.И.Махмутов дамыта оқыту проблемалық оқытууды негізге ала отырып дамыттындығын айта келіп: «Егер проблемалық оқыту заңдылықтары (проблемалық ұстаным, проблемалық жағдай және т.б.) қолданылмаса, ондай оқыту дамыта оқыту болып саналмайды. Қазіргі кезде дамыта оқыту жүйесі проблемалық оқыту теориясының арқасында болжамнан (гипотеза) теорияға айналуда», – дейді [4, 337б].

Автор дамыта оқыту мен проблемалық оқытууды бірлікте қарастырады. Ғалымның пікірінше, оқыту шығармашылық қабілеттерді дамытса ғана оны дамыта оқытуға жатқызуға болады. Ол дамыта оқытуға мынадай түсініктеме береді: «Дамыта, яғни жалпы және арнайы дамуға алып келетін оқыту деп мынадай оқытууды айтады: бұл оқыту жағдайында мұғалім ойлауды дамыту заңдылықтарына сүйене отырып арнайы педагогикалық құралдар арқылы оқушылардың ғылым негіздерін оқып үйрену үрдісінде ойлау қабілеттері мен танымдық қажеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізеді. Осындай оқыту, біздің оймызша, проблемалық немесе дамыта оқыту болып табылады» [5, 17 б].

Проблемалық оқыту негізінде адамның ойлануын дамыту жатады. Ойланудың бастапқы кезеңінде әдетте проблемалық жағдай туындаиды. Адам бір нәрсені ұғынғысы келген сәтten бастап ойланады. Өз бетінше ойланып, қындықты жеңе отырып, игерілген білім есте үзақ қалып, санада берік сақталады. Проблемалық оқыту дайын міндеттерді шешуге негіз-

делген дәстүрлі оқыту түріне қарағанда, студенттердің алдына белгілі бір мәселені қойып, оны шешуге ұйымдастыра отырып, іздену арқылы білім жинақтауға негізделеді. Таңымдық әрекетке негізделгендейтін, ол ғылыми білімге жетелейді.

Фалым Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин проблемалық оқытудың төрт кезеңін атап көрсетеді:

1. Мәселенің туындауы және оны шешудің алғашқы қадамы;
2. Мәселені терең түсіну және оны адамның қабылдауы;
3. Мәселені шешуге жауап іздеу әрекеті – проблемалық тапсырманың шартын талдау, бұрыннан билетіндерін іске қосу, қисынын іздең, оны сарапқа салу, тексеру.
4. Ақырғы нәтижеге жету және оны қойылған талапқа, көрсетілген шартқа сәйкес бағалаі білу [6, 15 б].

Проблемалық жағдайды психологиятар мен әдіскерлер «жаңа білім алу, жаңалық ашу үстіндегі қалыпты психологиялық әрекет» деп есептейді. Бұл – студенттің беймәлім нәрсені түсініп, қойылған міндетті шешуі. Психологиялық және дидактикалық мағынадағы проблемалық жағдай көбінесе оқушылардың білімі мен қандай да бір мәселе шешуге қажетті жаңа талаптар өзара сәйкес келмеген кезде пайда болады. Жаңа теориялық, практикалық білім алуға, оларды қолдану әдіс-тәсілдерін менгеруге қызығушылық пен қажеттілік туындаиды.

Ал М.И.Махмутов проблемалық жағдайға былайша түсінкеме береді: «Проблемалық ситуация дегеніміз – ойдың түйікә тірелген психикалық кезі, яғни адам өзіне бұрыннан бар білімі арқылы жаңа істің көзін шешу үшін жаңаша әдіс арқылы әрекет жасауға мәжбүр болады», – дейді [7, 125 б].

Проблемалық оқыту барысында оқушылардың белсенді таңымдық әрекетін ұйымдастыру адамды жаңа бағытқа әрекет жасауға итермелеп, оның ойлау қызметін қүштейді. Проблемалық жағдай оқытушының таңымдық мәселені ұсынуы, жаңа тақырыпты түсіндіру барысында және студенттің өзіндік жұмысы кезінде де туындауы мүмкін. Проблемалық жағдайдың басты белгісі – белгісіздік, яғни тапсырманы дұрыс орындау барысында студенттің жаңаша ойлап, қажетті әрекетті орындауды. Сабакта проблемалық жағдай үнемі туында бермейді. Ол оку материалын ерекше түрде ұйымдастырған кезде туындаиды. Ол үшін:

1. Дайындық деңгейі мен студенттердің мүмкіндігі ескерілуге тиіс;
2. Тапсырма не аса киын. Не өте жеңіл болса, проблемалық жағдай туындарайтын;
3. Тапсырмадағы сұрақтар студенттердің өткен сабактардағы біліміне негізделгенімен, қойылған мәселе жаңа, тың болуы және ізденіп зерттейтін таңымдық әрекетке бағытталуы тиіс;
4. Проблемалық жағдай әрдайым дамыту қасиетін жоғалтпауды керек. Негізгі мәселені шешу арқылы оған қатысты мәселелер тізбегін шешіп, олардың өзара арақатынасын ажыратабілу керек;
5. Жасанды жолмен қындарынан, студенттерге тапсырма беруге болмайды, керісінше материалды зерттеу үстінде туындаип, студенттің оған іштей талпынысын оята отырып, мәселені шешуіне жағдай жасау керек.

Проблемалық деңгейлер көбінесе педагогтың проблемалық оқыту сабағын жүргізе білу шеберлігі мен балалардың жалпы дайындығына, олардың оку мәселесін шеше білуіне байланысты болады. Жоғары оку орындарында проблемалық оқыту тәжірбиелері сабак үстінде аталаған деңгейлерді біріктіріп қолдануға болатынын көрсетеді. Проблеманы шешуді ұйымдастыру қойылған мәселе мен оқылатын материалдың күрделілігіне қарай анықталып тіркеледі.

Бірқатар күрделі мәселелерді студенттер сол сабак үсінде немесе аудиториялық сабактан кейін шешеді. Кейде арнағы жағдайға ұзак іздену керек болатын күрделі түрлерін барлық студенттердің бірігін шешуіне рұқсат етіледі. Студенттердің таңымдық әрекетін жетілдіруды үшін бір ғана проблеманы шешу немесе проблемалық жағдай туғызу жеткіліксіз екенін ескеру қажет. Бұл белсенді әрекетке итермеледің алғашқысы ғана, яғни оны «іске қосу кезеңі» деп атауға да болады. Дамыта оқыту проблемаларды шешудегі жауапты кезеңінің бірі – оқытушының қойылған мәселені студенттердің өз бетінше шешуін ұйымдастыра білуі болып табылады. Онда қойылған мәселеге қажетті жағдайды туғызу мен ұйымдастырудың түрлі тәсілін қолданып, проблеманы шешу маңызды орынға шығады.

Әдебиеттер:

1. Құрманов Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докторы... дис.: 13.00.02. – Алматы: КазМемКызПи 2004. – 365 б.
2. Охитина Л.Т. Психологические основы урока. – М.: Просвещение, 1977. – 96 с.
3. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Том 4. Психология. – Алматы: Фылым, 1998. – 448 б.
4. Махмутов М.И. Проблемное обучение. – М.Педагогика. 1975. – 367 б.
5. Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. – М. Просвещение, 1977. – 240 с.
6. Проблемное и программированное обучение. Под. Ред. Т.В.Кудрявцева и А.М.Матюшкина. – М: Советская Россия, 1973. – 56 с.
7. Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. – Казань: 1972. – 280 с.

Summary

The redularites of problem teaching to Kazakh language are considered in this article.

ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК ДЕНГЕЙДІ КӨТЕРУДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ РӨЛІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметова Л.С.

Казахстан, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

Ұлттық сана-сезімнің өсуінің көрінісі ретінде ұлттық зияткерлік деңгейіндің көтерілуі болып табылады. Осы орайда ең маңыздысы ұлттық зияткерлік деңгейінді көтеретін кадрлардың қазақ тілді болуы. Себебі, ол ана тіліңмен сөйлейді, қазақша ойлайды, ең бастысы ұлттық мұнды түсінеді, оған шынайы жаны ашиды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ ұлтының мәселесі өзінен-өзі шешіледі деу жөнсіз. Қазақ-отарланған ұлт, тәуелсіздік алушмен сыртқы отаршылдық, метрополияға тәуелділік, орталықта кіріптарлықтан ғана арылдық. Этноәлеуметтануда отаршылдықтың бір-бірімен байланысты классикалық ортақ белгілерін аталауды. Соңын ішінде:

–ұлттың кәсіби деңгейі жоғары жұмысшы табы мен инженерлік-техникалық мамандардың тапшылығы;

–ұлттың тілін, мәдениетін құрсауда ұстау, тежеу;

–ұлттың жиі апатқа ұшырап, сананың төмөнделеп отыруы.[1]

Бүгін отаршылдық саясаттың салдарынан арылған жоқпыз, әлі де ішкі отаршылдық зардабы басым. Мысалы, ауылдық жерде тұратын төрт миллионнан астам қазақтың интеллектуалдық және кәсіби деңгейі төмен.

Кеңес заманынан қазақ ұлты ауылдық жерде, негізінен мал шаруашылығында, қара қызметте болса, орыстар өнеркәсіпте, ғылыми-техникалық, инженерлік қызметтерді атқарды. Қазактардың өнеркәсіптен алшақ болуы, кеңсе жұмысы, мал шаруашылығымен айналысусы ұлттың психологиясына әсер етіп, тіпті қазактар табиғатынан ғылыми-техникалық мамандықтарға бейім емес деген пікір қалыптасты. Сонымен бірге, өндірістегі ұлттық алалық қазақтардың қоңыстануына, деңсаулығына, материалдық және рухани игіліктеге қол жеткізуіне, түгелдей ұлттық болмысына жағымсыз ықпалын тигізді.

Табиғи ресурстары бай елде байырғы халықтың кедей болуы ойландыратын мәселе. Экономикалық, ғылыми және әлеуметтік салаларда қазактардың үлес салмағы артпай, қазақ мәселесі шешілді, тұрақтылыққа қол жетті деу қын. Кезінде Малайзия «бумипутра» – байырғы халықтың дамуына әдейі жағдай тұғызған. Олардың білім алудына, еңбек етуіне, кәсіпкерлікке бейімделуіне, ақшаны тиімді пайдалануына, қолда бар байлықты ақылмен жұмсауына, уақытты бағалауға үйреткен. Байырғы халыққа өсімсіз кредиттер, пайдалы мемлекеттік тапсырыстардың басым көшілігі беріліп, олардың ісін жолға қоюға көмектескен. Мұндай шаралар отаршылдық заманында кемсітушіліктің орнын толтырып, қазақтарды да басқалармен тең етер еді.